



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРІБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

іскерлігінің, дағдыларының жеке багажын байытуға бағытталған қолайлы оқу өзара іс – қимылын жасау үшін қажетті шарттардың бірі.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Алтынсарин И. Собрание сочинений в трех томах. Астана.: Проспект, 2017 г. 157 с.
2. Алтынсарин И. Избранные произведения. Астана, 2018 г.
3. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. 1 т. Алматы, 2007 г. 141 б.
4. Алтынсарин И. Педагогические идеи и просветительская деятельность. Астана, 2019 г.

ӨОЖ 37.034

**ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МЕН СПАНДИЯР КӨБЕЕВ – БІЛІМНІҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАҒАН  
АҒАРТУШЫЛАР**

*Абуталипова Нұрғұл Нұрланқызы  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қарасу ауданы білім бөлімінің Октябрь  
жалпы білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
Қостанай қаласы, Қазақстан  
E – mail: nurgul.abutalipova@bk.ru*

**Аңдатпа**

*Ы.Алтынсарин мен С.Көбеевтің білім беру саласына қосқан үлесі және ағартушылық идеяларының сабақтастығы қарастырылады.*

***Түйінді сөздер:** ағартушы, білім, әдеби шығармалары, әдеби мұра.*

**Аннотация**

*В данной статье рассматривается вклад Ы.Алтынсарина и С.Кубеева в сферу образования и преемственность просветительских идей.*

***Ключевые слова:** просветитель, знание, литературные произведения, литературное наследие.*

**Annotation**

*This article discusses the contribution of I.Altynsarina and S.Kubeev in the field of education and the continuity of educational ideas.*

***Key words:** educator, education, literary works, literary heritage.*

Білім жайында жер бетіндегі ақын жазушылардың барлығы қалам тербеді. Нақыл, қанатты, ұлағатты ой айтып, көптеген ереулі істер атқарылып, бізге құнды мұра етіп қалдырды. Біздің елімізде білім беру мазмұнын жаңарту жолында білім беру құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде. Білім беру саласындағы мұғалімге қойылатын қазіргі мақсаты – ұлы ағартушыларымыздың, Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеев, салған сара жолымен, оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие және білім беруде олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен тығыз байланысты ұйымдастыру, білімге деген құмарлығын ояту, әр сабақта оқушыларды ойлануға өздігінен ізденіс жасауға дағдыландырып, өз ойын ауызша да, жазбаша да жинақтап жеткізе білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет – ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру – әрбір ұстаздың алдына қойылған борышы деп санаймын.

Қазақ халқының ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин қазақ жерінде білім саласында ереулі еңбектерімен ерекшеленіп, қоғамдағы өзгерістерді жасау жолында талмай еңбек етіп, халықтың тұңғыша ағартушысы атанды, өз халықның игілігі үшін жан аямай еңбек етіп, қазіргі күнде білім беру мазмұны оны қатқарған игі істерімен жалғасын тауып жатыр десек қателеспейміз. Ұлы ұстаз оқыту мен тәрбиелеуде негізгі тұлға мұғалім екенін түсініп, сапалы білім беретін ұстаздарды дайындау жолында жұмыс жасаған болса, бұл игі бастама әлі күнге дейін жалғасын тауып, күшін жойған емес. Ыбырай Алтынсариннің өмір жолы, ұстаздық ісі, еңбек еткен ортасы, жалпы әлеуметтік істері өзгешелеу. Бұның бір себебі, біріншіден, Ыбырай Алтынсарин Шоқан Уалиханов пен Абай Құнанбаевтың сияқты ұлы тұлғалардың туған халқын мәдениетті халықтар қатарынан көргісі келген арманын өз қолымен іске асырды. Ол – халық үшін тың үлгімен, ең алғаш болып мектеп ашып, оқу құралдарын жазып жинақтаған жаңашыл – педагог. Екіншіден, өз шығармаларын қос тілде бірдей жазған ұлы жазушы. Үшіншіден, соқтықпалы соқпақты, дүбірлі кезеңдерде елімен бірге болып, оның барлық ауыртпалығын бөліскен. Бүгінгі күнмен айтқанда, Ыбырай атамның шығармашылығы мен өмір жолы инновациялық

идеялармен іс – әрекеттерден тұрады. Оның шығармашылығына арналған зерттеулерге сүйенсек, өзінің қолға алған барлық істерінде тұңғыш, негізін қалаушы, көшбасшы ретінде көрінеді. Соның бір айғағы, қазақ халқының әдебиет тарихында алғашқы балалар жазушысы болуы. Ол өз шығармаларында балаларды өнерлі, адал, шыншыл, еңбексүйгіш азамат болуға шақырған. Қазақ халқының болашағы тек білімде екенін жақсы білген Ы.Алтынсарин өз ойын жүзеге асыруда көптеген қиындықтарға жолықса да, оларды табандылықпен жеңіп, іске асыра білді. Ағарту ісіне бар ынтасымен кіріскен ол ауыл – ауылдарды аралап халқына білімнің маңыздылығын түсіндірді. Осылай таянбай жүргізген үгіт – насихат жұмыстарының арқасында, халықтың білімге құштарлығын оятып, ауыл мектептеріндегі оқушылар саны арта түсті.

Бір Аллаға сыйынып,  
Мұңтаздай боп киініп.  
Ұстаздарға иіліп,  
Кел, балалар оқылық, –

деп басталатын әйгілі өлең шумақтары жасөспірімдердің сауатын ашып, білімалуға ғана емес, сонымен қатар, рухани байлықты азық етуге шақырады. Өнер – білім құдыретін өлеңмен өрнектеген ұлы ұстаздың өсите өлеңдерінің тілі көркем, ойы терең. Оның шығармалары табиғаттың сұлулығын, әсемдігін, пендешілік пен кісілікті, адамгершілік пен азғындықты, білімділік пен надандықты, жастық пен кәрілікті, сонымен қатар, шындық пен әділетсіздікті шынайы көркемдік шеберлікпен сипаттап, философиялық ой түйіндейді.

Ыбырай Алтынсарин қазақ мектептері үшін мұғалімнің маңыздылығын жақсы түсініп, оларды дайындау туралы мәселеге орасан зор көңіл бөлді. «Біздің жұмысымызда қазақ мектептерінің бүкіл болашағы, көбінесе қазір бастап отырған іске байланысты. Сондықтан білікті мұғалім – бәрінен де жоғары деп бағалаймын» деген ұлы ағартушының сөзінен – ақ, мұғалімдердің орны ерекше екенін, зор үміт күтетінін байқауға болады. Қарапайым халық мектептері үшін мұғалімбарлық мәселені шешеді деп сенді. Сонымен қатар, қазақ даласындағы озық педагогикалық ойды жалғастырушылардың бірі болған. Ол К.Д.Ушинскийдің, Л.Н.Толстойдың, И.И.Паульсонның педагогикалық көзқарастарын зерттеп, педагогика саласына зор үлесін қосты. Ы.Алтынсариннің орыс тілі мен қазақ тілін жеке пән ретінде оқыту, белгілі жүйемен сабақ жүргізу, оқу мазмұнын анықтауда баланың білім дәрежесін ескеру туралы пікірлері әлі күнге дейін өз күшін жоймай, бағалы, құнды дүние ретінде қолданылып жүр. Ол оқыту ережелерін қазақ мектептеріндегі білім берудің ерекшеліктеріне байланысты қолдану керектігін айтқан және оқыту ісінде жас ұрпаққа жүйелі білім беру, ақыл – ойын дамытуды ұсынған. Сонымен қатар, жастарды тәрбиелеу отбасында, мектепте және әдебиет арқылы жүзеге асуы керек деп көрсеткен.

Ыбырай Алтынсарин – қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Оның поэзия дәстүрін қазақ елінің ұлы ақыны Абай Құнанбаев, одан соң оның шәкірті Спандияр Көбеев дамыта түсті. Сол себепті, Спандияр Көбеев – Ыбырай Алтынсарин үлгісіндегі педагог – жазушы деп танылған. Өз ұстазына еліктеп, ол ағартушылық идеясын педагогтік қызмет арқылы жүзеге асырған. Сол негізде, өз ұстазы Ыбырай Алтынсарин негізін салған қазақ әдебиетіндегі демократиялық, ағартушылық идеяны әрі қарай жалғастырып, заманға сай дамыта алды. «Мұғалім әлеуметтік әділетілік пен адамгершіліктің жаршысы болуы тиіс», – дейді гуманист – педагог Ыбырай Алтынсариннің шәкірті Спандияр Көбеев. Жастайынан ұлы ұстазының ағартушылық, ұстаздық жолын үлгі тұтынған Спандияр енді мақсатына жетіп, алған білімін ел ішіне таратуға мүмкіндік туғанын өз естеліктерінде толық суреттеген. «Алдымда туып өскен ауылым. Мәдениеттен кенже қалған қараңғы ауыл. Менің ендігі өмірім сол ауылда өтпекші. Сол ауылда қолдан келгенше мәдениет шам – шырағын жақпақшымын. Бір кездегі өзім сияқты кіршіксіз, таза, уыз тілекті жас жеткіншектерді оқытып, көзін ашып, ғылым жолына мәдениет соқпағына түсіремін деп асығып келемін». Болашақ педагог – жазушы өзінің өмірлік мұратын мұғалімдікпен ұштастырады. Ыбырай Алтынсариннің қазасы оның мұғалім боламын деген ынта – ниетін біржола баянды етіп бекіткенін еске алады. Ең алғашқы жаңа үлгідегі қазақ мектептерінде сабақ беріп жас ұрпаққа орыстың тілі мен әдебиетін, мәдениетін үйрете бастады. Бұл саладағы қызметін Спандияр ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің педагогтік үлгісімен жүргізді. Байлардың, болыстардың қырына ілініп, солардың кесірінен мектепке іліге алмай қалған кедей балаларын орналастыруға бар күш – жігерін салды. Ұлы ұстазы алдында жауатандап, оның мейірімділігі мен кең пейіліне риза болған Спандияр ішінен соған ұқсауды армандағанды. Ыбырай секілді халыққа пайдалы азамат болу, өз білімін елін ағартуға жұмсау Спандиярдың өмір бойғы арман – тілегі еді. Осы арманын Спандияр Көбеев шығармашылығындағы ұзаққа созылған жинағы «Орындалған арман» атты кітабында айқын суреттеген. Аталған кітап 1954 жылы өңдеуге ұшырап, екінші рет басылымға жіберілген [4, б. 5–14, 17].

Спандияр Көбейұлы тек оқу – ағарту майданында ғана емес, сонымен қатар қазақ әдебиетінің тарихында да елеулі орын алады. Оның ағартушылық, педагогикалық және ағартушылық қызметі өзі өмір сүрген заманның талабынан туды, халықтың рухани тілегіне жауап берді. Спандияр Көбеев ұстазы Ыбырай Алтынсарин сияқты мұғалімдік қызмет пен ақындықты шебер ұштастыра білді. Оқытушылық қызметінің алғашқы кездерінде И.А.Крыловтың мысалдарын аударып, сабақтарында

ұштастыра пайдалана алды. Сонымен қатар, өз шығармаларында сол замандағы ауыләкімдерінің жағымсыз мінез – құлықтары мен байлардың қыңыр көзқарастарын аса шеберлікпен сынады. Спандияр Көбеев пен Ыбырай Алтынсариннің шығармалары бір – бірімен үндесіп, үйлесіп отыр. Ұлы ұстазы сияқты, С.Көбеевтің де қазақ балалар әдебиетінің тарихында көрнекті орны бар. Өмірінің соңына дейін оқытушылық қызметпен айналысқан С.Көбеев өз білімін, қажыр – қайратын туған халқына жұмсады. Оның ұстаздық, ағартушылық қызметі қазақ қоғамының артта қалған мешеулік жағдайында басталды. Ауыл адамдары ішінде жаңалық таратушы болды. Ы.Алтынсарин үлгісімен қазақ балаларына арнап көптеген оқу құралдарын жазып шығарған. Олар қоғамдық теңсіздікті, жетім – жесірдің аянышты тұрмысын көрсететін өлеңдер мен әңгімелер. Өз шығармалар арқылы балаларды өнер – білімге, мәдениетке шақырды, іскерлікке, адал болуға, қиындыққа төзімді болуға, қайырымдылыққа шақырды. Әр шығармасының идеясы жалпы қазақтық қасиеттер туралы ойлармен, арманмен ұласады. Спандияр Көбеев мұғалімнің беделі туралы қазіргі күнге дейін маңызы зор, өте құнды пікірлер қалдырған. Ол – ауыл мектептерінде қазақ балаларына қазақ тілінде білім беріп, ел арасында зиялылықтың нәрін тарата білген қоғам қайраткері, қазақ жазушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы.

Қай елдің, қай дәуірдің әдебиеті болмасын, жалпы әдебиет тарихы – дәстүрмен жалғасудың, дәстүрмен жаңашылдық тарихы. В.Белинский айтқандай, әдебиетте көктен түсетін ешнәрсе жоқ, белгілі бір құбылыс, екінші құбылыстың жалғасуы мен жаңаруы. Мәселен, оны тек байқай және бағалай білуде. Осы сөзде үлкен мән жатыр. Спандияр – ұстазы Ыбырайдың тура жолын жалғастырушысы, шәкірті. Жазушының шығармашылық өмірі әдебиетіміздің тарихында оның арғы – бергі кезеңдерін бір – бірімен шебер жалғастырудың, әдебиет теориясының тілімен айтсақ, әдебиеттегі дәстүр мен жалғастықтың, әрі жаңашылдықтың бір сәтті үлгісі осы емес пе? Ақынның алдымен ауылдық мектепте, кейін мұғалімдік курста оқып, бітірген соң алыс ауылға ұстаздық мақсатпен кетуінің өзі ұстазынан қалған дәстүрге адалдығының айқын белгісі еді. Ол ұстазының ұлағатты сөздері мен шығармаларынан сусындап, оның оқытушылық ісін, ақындығымен аудармашылығын ХХ ғасырдың басында азаматтық жүрегімен қабылдап, жемісті жалғастырған ағартушының орны ерекше. [6, б. 12–15]

Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеев – білімнің іргетасын қалаған ағартушылар. Олардың қазақ халқының сауатын ашуына, педагогикалық тың идеялар мен құнды әдістер қалдыруына, балаларға деген сүйіспеншіліктерінің арқасында білім саласындағы орны орасан зор. Әрбір ұлы адам, адамзатпен бірге жасайтын мәңгі өшпес, ескіrmес идеяларды жасайды. Сондықтан олар арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан, әрбір жаңа ұрпақ, жастарға үлгі болып, жол сілтеп тұрғандай, жылдар өткен сайын биіктеп, қадір – қасиеті арта түседі. Ағартушыларымыздың демократиялық мәдениетімізді қалыптастырып, оны дамыту жолындағы еңбегі мен алатын орны өте зор. Дәл осы тұлғалардан бастап құлазыған меңіреу даланың әр жерінен ғылыми – философиялық, демократиялық және поэзиялық мәні терең, тамаша ой пікірлер жалт етіп көрініп, жауқазындай өмір сүре бастады, далаға жаңа үн, тың леп әкелді.

Шығыс мақалында былай дейді: «Егерде есімің өмірде мәңгі сақталсын десең, адам тәрбиесімен айналыс». Ағартушыларымыз барлық ғұмырын балаларға білім нәрін сусындатуға арнаған және шығармаларында үлкен тәрбиелік мәні бар, өшпейтін маңызды, құнды, ғибратты мұрасы жатыр. Сол себепті де олардың есімі мен ісі бүгінгі ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс. Ы. Алтынсарин мен С.Көбеевтің ағартушылық идеяларының үндестігі қазіргі заманауи білім беру саласында мәңгі сақталады. Себебі олардың білім саласына жасап кеткен ереулі еңбегін бағалап, дәріптеп жалғастырып жатырмыз. Әр ұстаз өз тәжірибесіне тың өзгерістерді, жаңа әдіс – тәсілдерді енгізе отырып, болашақ маман иесін қалыптастыруда маңызы зор екендігін білу тиіс. «Қоғам өзгеруде, ендеше мұғалім де өзгеруі тиіс» деген қағиданы басшылыққа ала отырып жұмыс жасауы керек. Адамға қанағат бітіретін жақсы сөз ғой. Сондықтан мақтауды, жақсы сөзді алдыңдағы шәкіртіңе айтсаң, әр оқушының жұмысындағы ерекшелікті байқап, ол оқушының бойындағы барлық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік туады ғой. «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім», – деп Стронг айтқандай, ұстаздық – білімділікпен қоса жаңашылдықты, ізденпаздықты, дарындылық, ұйымдастырушылық, жан – жақтылықты тағы да көптеген құндылықтарды талап ететін маман иесі. Шығармашылық қабілет баланың табиғатында, тұлғабойында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушының бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашып көрсету. Ол үшін мұғалім ғылымда болып жатқан жаңалықтармен үнемі танысып, өз біліктілігін үнемі арттырып, үнемі ізденісте болып, толықтырып отыруы керек.

Ұлы ойшыл К.Ушинский айтқандай: «Ұстаз – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана ұстаз, оқуда ізденуді тоқтатысымен оның ұстаздығы түбегейлі жойылады». Ал Ян Омос Каменскийдің «Күн астындағы ең ұлы мамандық – мұғалім», – деген тұжырымымен келіссек, онда «мұғалім» атты ұлы атқа ие болу зор бақыт екенін түсінуіміз керек. Ұстаз үшін нәтижеге жету үшін шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Оқушының дамуына, қалыптасуына әсер етуші фактор негізінде оқушы, мұғалім, ата – ана және басқа пән мұғалімдері де ынтымақтасуы керек. Қазіргі заман талабына сай жаңа

технология әдістерін үйрету, бағыт – бағдар беруші – ұстаздар екенін ұмытпау керек. Оқушылардың жаңа ортаға, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімді бола білуі тиіс. Сол себепті бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену жолында ұстаздар қауымына зор міндет жүктелген. Ыбырай Алтынсарин: «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым – шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлікпен педагогикалық өнер, ол – даналықты жүректен ұға білу болып табылады» – деген екен. Осы тұрғыда Спандияр Көбеев те ұлы ұстазының ойын жалғастырып, мұғалім беделін көтерудің үлгілерін: педагогика ғылымын егжей – тегжейлі білуге міндетті екендігін, мұғалім өз пәнін өте жақсы білумен қатар, басқа пәндерден де хабардар болғаны жөн екенін, әр баланың жеке ерекшелігін зерттеу керектігін және балалармен тығыз байланыста болуы шарт екенін, оларға талаптар қойып, сол талаптардың орындалуын жітік бақылауда ұстау міндетті екендігін, мұғалім сөйлеген сөзі мен жүріс – тұрысы, киген киімі үлгі болу керектігін, ең бастысы мұғалімнің әр шәкіртін жақсы көруі қажеттілігін айтады.

Қазіргі күнде білім беру саласындағы тың өзгерістер мен жаңалықтардың болуы заман талабына сай. Қоғамның өз білімімен толыққанды сусындаған тұлға тәрбиелеу керектігін көрсетіп отыр. Жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілеті мен бәсекелестігін арттыру, білімге деген қызығушылығы мен құштарлығын ояту, алған білімді тек игеріп қана қоймай, оны өмірде қолдана білуге үйрету, сонымен қатар, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту – біз ұстаздардың басты міндеті болуымен қатар, үлкен жауапкершіліктің еселенетінін ескеруіміз керек. Ғылым мен техникалық прогрестің дамуы, қоғамның өзгеруі, жаһандану заманының басталуы білім мазмұнын жаңартуға мол мүмкіндіктер туғызды. Білім теңіз, оның тереңдігін жетік білетін, оның сырын меңгерген тұлғаны дайындайтын – ұстаз. Әрбір ұстаз өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, жан – жақты, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, тәрбиелі ұрпақ дайындауға міндетті. Ол үшін мұғалім өз оқытатын пәнінің ғылыми әдістемелік деңгейін жетік меңгеріп, ғылыми ұйымдастырғанда, сабақта әртүрлі әдіс – тәсілдерді тиімді қолданып, кешенді жоспармен пайдаланғанда ғана қол жеткізеді. Қазіргі заман талабының өзі баланың жеке тұлға екенін мойындатып отыр, себебі алдымыздағы оқушылар өз ойын ашық айта алатындай мүмкіндік жасалып отыр. Білім беру саласына өзгерістердің енуі – болашақ ұрпағымыздың терең де жан – жақты білім алып, жалпы өмір көшінен қалмауының бірден – бір айғағы болып саналады. Ал осы білімге жол ашқан ұлы тұлғаларымыздың ереулі еңбегі мен олардан қалған мұраны біз мәңгі бағалап, дәріптеуіміз керек. Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеевтің бұрынғы қазақ даласындағы білім беруден тым бөлек, мүлдем басқа сара жол салып, білімнің іргетасын салды. Осы ұлы тұлғалардың салған сара жолымен бүгінгі жас буында білім алуда және заман талабына сай білім саласы қарқынды дамуда. Сол себепті, Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеевтің білім берудің заманауи бағытындағы ағартушылық идеяларының үндестігі ешқашан жойылмайды және мәңгі сақталатынына сенімдімін.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Жақсанов О., Ыбырайдың жолын қуған зерделі шәкірті// Қостанай, 2008 ж. 11 қараша 7 б.
2. Қазақ әдебиеті, Қабдолов З., Қирабаев С., ХХ ғасыр басындағы әдебиет, 54–64 б.
3. Қазақ хрестоматиясы, 2007 ж., «Білім» баспасы
4. «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасы
5. Бержанов Қ., Мусин С «Педагогика тарихы»
6. Жарықбаев Қ. Ұстаздық еткен жалықпас. Алматы, «мектеп», 1987 ж.